

«Педагогика әлемі» курсы –
болашақ мұғалімдерге алғашқы қадам
Абдрасилова Салтанат Нуридиновна

«Мамандық таңдау деген - өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау». Қазақ халқымыз "Адам екі түрлі жағдайда қателеспей керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда" деп бекер айтпаса керек.

Осы орайда лицейімізде 10-11 сынып оқушыларына арналған «Педагогика әлемі» курсы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Білім және ғылым министрінің жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, «2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хатына негізделіп құрастырылды.

Оқушының саналы түрде мамандық таңдауы - бұл көптеген факторлардың және сол оқушының әлемге көзқарасының қалыптасуымен байланысты күрделі де ұзақ процесс. Мұнда адамның болашақта кім болуы, қандай қоғамдық топта болуы, қайда және кімдермен жұмыс істейтіні өте маңызды.

Мамандықты таңдап алуда өзіне ұнаған мамандықтың оқуына түсу емес, ол адамның мүмкіндіктеріне байланысты, яғни адамның таңдап алған мамандығының талаптарына бейімі мен мүмкіндіктері сәйкес келуі негізге алынады. Бұл жерде кәсіби жарамдылықтың рөлі ерекше. Яғни, әр мамандықтың адамға қоятын талаптары алуан түрлі. Оқушының мамандықты өз мүмкіндігіне сай дұрыс таңдап алуы қоғам үшін де, өзі үшін де тиімді. Себебі, өзің таңдап алған мамандығына деген қызығушылығы немесе сол мамандыққа шын ықыласы ескеріледі, сонымен бірге болашақ мамандығы қоғамның сұранысына сәйкес болатындығы ескерілуі тиіс.

«Педагогика әлемі» курсы оқушыларға педагогикалық мамандық жөнінде алғашқы білімдерді алуға көмектеседі. Курс мазмұны оқушылардың теориялық білімдерін тереңдетуге, болашақ педагогикалық кәсіби іс-әрекетке деген танымдық ізденімпаздығы мен шығармашылық қабілетін қалыптастыруға, өздігінен білім алу іскерліктерін шыңдап, зерттеу бейімділіктерін жетілдіруге бағытталған.

Курс бағдарламасының мақсаты – оқушыларға педагогтық мамандықтың әлеуметтік құндылығын, қоғамдық маңызын ашып көрсету және мұғалім тұлғасына қойылатын талаптармен таныстыру, болашақ мамандығына бағдарлануына мүмкіндік туғызу.

Курстың міндеттері:

-педагогикалық мамандықтың пайда болуын, дамуы және қалыптасуы туралы ақпараттарды меңгерту;

-педагогикалық мамандықтың маңыздылығын түсіндіру, оқушылардың өз болашақ мамандығына деген қызығушылығын ояту;

-педагогикалық мамандықтың сипаты, оның ерекшелігін зерделей білуге жағдайжасау.

-мұғалімдік кәсіпті меңгеруге деген жағымды ынтаны қалыптастыру;

-оқушылардың болашақ кәсіби іс-әрекеттерінің шығармашылық сипатына саналы түрде мүмкіндік туғызу;

Пәнаралық байланыс: педагогика, қазақ әдебиеті, қазақ тілі, тарих, мәдениеттану.

Оқу нәтижелері:

Білім және түсіну: оқушылар педагогтық мамандықтың әлеуметтік құндылығын біледі. Қоғамдық маңызын түсінеді.

Қолдану: мұғалім тұлғасына қойылатын талаптарды меңгереді. Болашақ мамандығына қажетті талаптарды зерделей алады.

Талдау және жинақтау: мұғалімнің кәсіптік мәдениеті жөнінде ақпараттарды саралайды және оған сыни көзқарас білдіре алады.

Бағалау: заманауи ұстаз бейнесіне байланысты ақпараттарға өзіндік көзқарас тұрғысынан бағалайды.

Қолданылатын технологиялар:

1.Сын тұрғысынан ойлау

2. Блум таксономиясы

3.Жобалау технологиясы

4. Крийтериалды бағалау

Курсты оқыту барысында қолданылатын әдістер, тәсілдер:

1. Лекциялар мен талқылау
2. Тренинг
3. Жеке, жұптық, топтық жұмыс
4. Диалогтік оқыту
5. Пікір алмасу
6. Эссе
7. Реферат
8. Өздік жұмыс

Сонымен қатар сабақ барысында жиі қолданылатын әдістер қатарында ситуациялық жағдайларды (<https://infourok.ru/pedagogikali-zhadayattar-malimderge-arnalan-992923.html>, <https://ulagat.com/2021/08/29/педагогикалық-жағдаят/>, https://ust.kz/word/pedagogikalyq_jagdayattar-140924.html,) талдау, рольдік тапсырмаларды сахналау. Бұл жұмыстар оқушылардың өз бойынан өткеріп, жақсы ықпал етуіне көмектеседі.

Қазіргі таңдағы негізгі мәселе, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын ояту, оқуға білуге деген талпыныстың артуына ықпал ету үшін, қандай кедергілер барын анықтауда кинезологиялық жаттығулардың алатын орны ерекше деп атауға болады.

Педагогика әлемі курсынан алған ілімдерін оқушылар сыныптан тыс іс шаралар кезінде, өзін өзі басқару ұйымы жұмыстарында көрсете алуда.

Мктепішілік ұйымдастырылатын Мамандық таңдау апталығында оқушылар өз әрекеттерін тәжірибе түрінде көрсетуге мүмкіндік алад. Көңілді қоңырау, жазғы лагер және оқу күндерінде оқушылар өздерінің болашақ мұғалімдер екенін сезінуіне мүмкіндік алады.

«Әл – Фарабидің «Ісім оңсын десеңіз, Сол істің маманы болыңыз. Даңқым шықсын десеңіз, Көпшіліктің адамы болыңыз». дегендей, жоғары сынып оқушыларына әртүрлі білім беру мекемелеріндегі мұғалімдердің жұмысы туралы ақпарат беру, педагогикалық мамандықты таңдауға ынталандыру, командада тиімді өзара әрекеттесуді қалыптастыру және дамыту, өз бетінше оқу қабілетін қалыптастыру және дамыту мен жеке маршруттарды қалыптастыру жұмыстары жалғасуда.

